
The background of the slide is a composite of the national flags of Kazakhstan and Kyrgyzstan. The top portion shows the white, blue, and red horizontal stripes of the Kazakh flag. The bottom portion shows the red field of the Kyrgyz flag with its yellow sun emblem. The text is overlaid on this background.

Еуразия Экономикалық Қауымдастығы

Орындаған: Ю-42 Мусина Айгерим , Мұбарак Назым.

Қабылдаған: аға оқытушы Ботагарин Р.Б




Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕЭҚ)
(2001-2014) – бірнеше бұрынғы Кеңес Одағы республикаларында Халықаралық экономикалық ұйым. Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру үшін, экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету, сондай-ақ басқа да мақсаттары мен міндеттері, оның тиімді мүдделі тараптар қалыптастыру үшін құрылды. Еуразиялық экономикалық Одақ құруға байланысты алынып тасталды.



Мүшелік еткен елдер:

- Беларусь (2001—2014)
- Қазақстан (2001—2014)
- Қырғызстан (2001—2014)
- Ресей (2001—2014)
- Тәжікстан (2001—2014)
- Өзбекстан (2006—2008, мүшелігін тоқтатты)

A row of national flags on poles in a formal room with blue and gold curtains. The flags include those of Kazakhstan, Kyrgyzstan, Turkmenistan, Uzbekistan, and Azerbaijan. The room has a checkered floor and a white wall with a blue and gold decorative border.

ЕурАзЭҚ бақылаушы мәртебесін Жарғысына сәйкес олардың етініші бойынша мемлекеттің немесе мемлекетаралық (үкіметаралық) ұйымдарға берілуі мүмкін. Қажет болған жағдайда, ашық құжаттар мен шешімдер Қоғамдастық қабылдаған болса, бақылаушы алуға төрағалық етушінің келісімімен осы отырыстарда сөз сөйлеуге, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың қоғамдық отырыстарына қатысуға құқылы. Бақылаушы мәртебесі ЕурАзЭҚ және Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құжаттарға қол қою органның отырыстарында шешімдер қабылдауға дауыс беру құқығы жоқ

Бақылаушы мемлекеттер:

- Молдова (2002—2014)
- Украина (2002—2014)
- Армения (2003—2014)

Құрылымы:

- Мемлекетаралық Кеңес;
- Интеграциялық Комитет (штаб-пәтерлері Алматы және Мәскеу қалаларында);
- Парламентаралық Ассамблея (штаб-пәтері Санкт-Петербург қ.);
- Қоғамдастық соты (штаб-пәтері Минск қ.)



Мемлекетаралық Кеңес – мемлекеттер және үкіметтер басшылары өкілдік ететін жоғарғы басқару органы. Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің ортақ мүдделеріне байланысты қағидаттық мәселелерді қарайды, интеграция дамуының стратегиясын, бағыттары мен келешегін белгілейді және ЕурАзЭҚ мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған шешімдерді қабылдайды.

Интеграциялық комитет – ЕурАзЭҚ органдарының өзара іс-қимылын және Мемлекетаралық Кеңес қабылдаған шешімдерді іске асыруды бақылауды қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін орган.

Парламентаралық Ассамблея ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлесімдендіру (жақындастыру, бірегейлендіру) мәселелерін қарайтын парламентаралық ынтымақтастық органы болып табылады.

Қоғамдастық Соты Қоғамдастық шеңберіндегі қолданыстағы шарттардың және ЕурАзЭҚ органдары қабылдайтын шешімдердің біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта ЕурАзЭҚ сотының функцияларын ТМД Экономикалық Сотына жүктеу туралы шешім қабылданды.

Құрылу тарихы:

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық 2000 жылғы 10 қазанда Астана қаласында халықаралық экономикалық ұйым ретінде Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің басшылары қол қойған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (бұдан әрі – ЕурАзЭҚ) құру туралы шартқа сәйкес құрылды. ЕурАзЭҚ-ты құру туралы шартта бұрын Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы [26 ақпандағы шартта айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін тығыз және тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастық тұжырымдамасы негізге алынған.

Қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асырудың ұйымдастыру-құқықтық құралдары және жасалған халықаралық шарттардың бір мезгілде және бірдей орындалуының тетіктері, қабылданған шешімдерді іске асыруды бақылау жүйесін енгізу көзделген. ЕурАзЭҚ-ны құру туралы шартта Кеден одағы шеңберінде бұрын қабылданған шарттар мен шешімдердің сабақтастығы қамтамасыз етілген, олардың ішіндегі айқындаушылары мыналар болып табылады: Кеден одағы туралы келісім; 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кеден одағына қосылуы туралы келісім; 1996 жылғы 29 наурыздағы Экономикалық және гуманитарлық саладағы интеграцияны тереңдету туралы шарт; 1997 жылғы 22 қарашадағы Кеден одағын қалыптастыру кезінде тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісім; «Қарапайым адамдарға қарай он қарапайым қадам» мәлімдемесі.

Мақсаттары мен міндеттері

- Толық еркін сауда режимін, ортақ кедендік тариф қалыптастыру және тарифтік емес реттеудің бірыңғай жүйесін тіркеуді аяқтау
- Капитал қозғалысының еркіндігін қамтамасыз ету
- Жалпы қаржы нарығын жасау
- ЕурАзЭҚ шеңберінде бірыңғай валютаға көшу үшін принциптері мен шарттарын үйлестіру
- Тауарлар мен қызметтерді сауда үшін ортақ ережелер құру және олардың ішкі нарыққа қол жеткізу
- Кедендік реттеудің бірыңғайланған ортақ жүйесін құру
- Мемлекетаралық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру
- Өндірістік және кәсіпкерлік қызмет үшін тең жағдай жасау
- Көліктік қызмет және кешенді көлік жүйесін ортақ рыногын жасау
- Ортақ энергетикалық нарығын қалыптастыру
- Тараптардың нарығына шетелдік инвестицияларды қол жеткізу үшін тең жағдайлар жасау
- Қоғамдастық аясында ЕурАзЭҚ елдерінің азаматтарының еркін қозғалысын қамтамасыз ету

- Жалпы еңбек нарығын қамтамасыз ететін бірыңғай білім беру кеңістігін, денсаулық сақтау мәселелері, көші-қон және басқа да келісілген тәсілдерді әл-ауқатын мемлекеттердің қоғамдастық құру мақсатында әлеуметтік саясаттың үйлестіру.
- Ұлттық заңнаманы жақындастыру мен үйлестіру
- Қоғамдастық шеңберінде ортақ құқықтық кеңістік құру ЕурАзЭҚ елдерінің құқықтық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету
- БҰҰ-мен өзара іс-қимыл
- Еркін сауда режимін толық көлемде ресімдеуді аяқтау, біртұтас кеден тарифін және тарифтік емес реттеудің біртұтас шаралары жүйесін қалыптастыру; мүше мемлекеттердің ДСҰ-мен және басқа да халықаралық экономикалық ұйымдармен өзара қарым-қатынасындағы келісілген ұстанымын тұжырымдау;
- Қоғамдастықтың сыртқы шекараларында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, контрабандамен және кедендік құқық бұзушылықтың өзге де түрлерімен күрес; экономикалардың келісілген құрылымдық қайта құруын жүргізу; бірлескен бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру, әлеуметтік-экономикалық даму; көліктік қызмет көрсетулердің ортақ рыногын және біртұтас көлік жүйесін қалыптастыру; ортақ энергетика рыногын қалыптастыру; білімнің ұлттық жүйелерін үйлесімдендіру, ғылым мен мәдениетті дамыту;
- Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің азаматтарына оның барлық аумағында білім және дәрігерлік көмек алуда тең құқық беру; ЕурАзЭҚ шеңберінде жасалған шарттар бойынша мемлекетішілік рәсімдерді орындау мерзімдерін үйлестіру;
- Қоғамдастық шеңберінде ортақ құқықтық кеңістік құру мақсатында қатысушы мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің өзара ықпалдасуын қамтамасыз ету.

Қызметі

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық – ТМД кеңістігіндегі ең дамыған аймақтық бірлестіктердің бірі. Аталған аймақтық бірлестік жұмысына қатысу Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтарының бірі болып табылады. 2003 жылғы желтоқсанда ЕурАзЭҚ БҰҰ Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесіне ие болды, бұл осы интеграциялық бірлестікті дүниежүзілік қоғамдастық танып отыр дегенді білдіреді.


ЕурАзЭҚ қамүше мемлекеттердің өзара ықпалдастығы тауарлар аталымының басым көпшілігі бойынша ортақ кеден тарифтері енгізілген, тарифтік емес реттеу бойынша келісілген шаралар жүзеге асырылып жатқан, үшінші елдерге қатысты ортақ сауда режимдері қалыптастырыла бастаған кезеңге жетіп отырғанын атап өткен жөн. Біртұтас кеден аумағын құру басталды. Гуманитарлық салада біздің елдеріміз азаматтарының білім, мәдениет, денсаулық сақтау және әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету салаларындағы қажеттіктерін неғұрлым толығырақ қанағаттандыруға мүмкіндік беретін бірқатар нақтылы бірлескен қадамдар жасалды.

ЕурАзЭҚ құру туралы шартқа қол қойылған сәттен бері ЕурАзЭҚ құру туралы шарттың нормалары мен қағидаларын нақты толықтыру, Қоғамдастықтың басқару органдарын құру және олардың қызметін реттейтін құжаттарды әзірлеу, жаңа халықаралық ұйымның лауазымды тұлғаларының құқықтық мәртебесін, артықшылықтары мен иммунитеттерін бекіту, олардың өз міндеттерін тиімді жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайлар жасау бойынша халықаралық-құқықтық жұмыстың едәуір көлемі атқарылды.

2003 жылғы 27 сәуірде Душанбе қаласында болған ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесі барысында (мемлекет басшылары деңгейінде) ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтағы іс ахуалы және интеграциялық ынтымақтастықты жеделдету жөніндегі ұсыныстар туралы» баяндамасы қаралды, ол Қоғамдастықтың таяу болашақтағы негізгі мақсаттары мен міндеттерін белгілейді.

Осы баяндама негізінде Тараптар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер басшыларының 2004 жылғы 9 ақпандағы №152 шешімімен бекітілген «2003-2006 және одан кейінгі жылдарға арналған ЕурАзЭҚ шеңберіндегі ынтымақтастықтың басым бағыттарын» және «2003-2006 және одан кейінгі жылдарға арналған ЕурАзЭҚ дамуының басым бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шараларын» әзірледі. ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер осылайша Қоғамдастық шеңберіндегі интеграциялық процестерді одан әрі тереңдету мақсатында бұдан былайғы қадамдап жүретін іс-қимылдарын айқындап алды. Бұдан басқа, Қоғамдастыққа мүше мемлекеттер, экономиканың нақты секторында мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылын дамытудың маңыздылығын тани отырып, Қоғамдастық шеңберіндегі интеграциялық процестерге іскер топтарды тарту жөніндегі жұмыстарды жандандыру туралы шешім қабылдады.

Осы мақсатта 2002 жылы жазда «ЕурАзЭҚ Іскерлік кеңесі» қауымдастығы құрылды. 2003 жылғы ақпанда Мәскеуде ЕурАзЭҚ-тың алғашқы Экономикалық форумы өтіп, онда ынтымақтастықтың әр түрлі бағыттары бойынша сындарлы пікір алмасулар болды және өзара қызығушылық туғызатын жобалар бойынша ұсыныстар енгізілді. 2004 жылғы қыркүйекте «ЕурАзЭҚ – Іскери өлем» Халықаралық Конгресі өтті. 2005 жылғы 22 маусымда Мәскеу қаласында ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің (мемлекет басшылары деңгейінде) 13-ші мәжілісі өтіп, оның барысында Президенттер интеграциялық өзара іс-қимылдарды тереңдету бойынша бұдан арғы қадамдарды талқылады және Тараптар үкіметтеріне экономикадағы ынтымақтастықты жандандыру жөнінде нақты тапсырмалар берді.



2005 жылғы 27 қыркүйекте ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесі отырысында (үкімет басшылары деңгейінде) Қоғамдастық елдерінің отын-энергетикалық, көлік және т.б. салаларындағы қызметін реттейтін бірқатар құжаттар қабылданды. Сондай-ақ ЕурАзЭҚ Ортақ кеден тарифін құру процесін жеделдету туралы атап өтілді. 2005 жылғы 6 қазанда «Орталық Азиялық Ынтымақтастық» ұйымы мемлекет басшылары саммитінде бұл ұйымды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықпен біріктіру туралы шешім қабылданды. Осылайша, Қоғамдастықта Өзбекстан секілді тағы бір қатысушы мемлекет пайда болды. 2006 жылғы 25 қаңтарда Өзбекстан Республикасының Президенті И.А.Каримовтің қатысуымен өткен ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер басшыларының кезектен тыс саммитінде 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа Өзбекстан Республикасының қосылуы туралы хаттамаға қол қойылды, осылайша Өзбекстанның Қоғамдастыққа толық құқылы мүшелігі ресімделді. Қоғамдастықтың одан әрі стратегиялық дамуын белгілеген 2006 жылғы оқиғалардың қатарына Өзбекстан Республикасының ЕурАзЭҚ-қа мүшелікке кіруін, сондай-ақ Қоғамдастық шеңберінде кедендік одақты қалыптастыру ісіндегі оң сипатты нәтижелерге қол жеткізілуін атап өтуге болады. 2007 жылы 6 қазанда Душанбе қаласында өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің (мемлекеттер басшылары деңгейінде) отырысы Қоғамдастық үшін елеулі оқиға болды, ол отырыста әзірге ЕурАзЭҚ-қа мүше үш мемлекет – Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы – қалыптастырып жатқан кеден одағының шарттық-құқықтық базасының негізі қаланды.

Осындай жолмен Тараптар бұрын 2006 жылғы 16 тамызда Сочи қаласында қабылданған, Кеден одағын қалыптастыру туралы шешімді іске асырудың практикалық кезеңіне кірісті. 2008 жылғы 25 қаңтарда ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің (үкіметтер басшылары деңгейінде) кезекті отырысы өтті, онда ЕурАзЭҚ-тың Кеден одағын қалыптастыру және біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы мәселелер қаралды және тиісті құжаттарға қол қойылды. Бұдан басқа валюта саясаты, капиталдың еркін қозғалысы және инвестициялық саясат саласында тараптардың өзара қарым-қатынасын реттейтін, сондай-ақ Қоғамдастықтағы Өзбекстан Республикасының мүшелігін түпкілікті ресімдейтін бірқатар халықаралық құжаттар қабылданды. Сондай-ақ ЕурАзЭҚ-тың 2008 жылға арналған бюджетінің жобасы және Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың «Инновациялық биотехнологиялар» атты мемлекетаралық мақсатты бағдарламасының жобасы қаралды. ЕурАзЭҚ-ты құрушылардың бірі болып табылатын Қазақстан оның қызметіне белсенді түрде қатысады және ЕурАзЭҚ-тың жарғылық құжаттарында негізі қаланған сондай-ақ Қоғамдастықтың нормативтік-құқықтық базасында пысықталған интеграциялық әлеуетті кең ауқымда пайдаланады.



Назарларыңызға рахмет!